

## **"Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 4 сәуір 1994 ж. N 1618

Теледидар мен радио бағдарламаларының шығармашылық және техникалық деңгейін арттыру, теледидар мен радиохабарларын тарату жүйесін басқаруды жетілдіру, Қазақстанның біртұтас ақпараттық кеңістігін қалыптастыру, әлемдік ақпараттық процестерге кірігуін жандандыру, материалдық-техникалық базасын нығайту және теледидар мен радио аясындағы ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіру, сондай-ақ саланы инвестициялаудың қолайлы жағдайын туғызу мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы "Қазақстан" мемлекеттік телерадиохабарларын тарату компаниясының шығармашылық-өндірістік бөлімшелерінің, сондай-ақ оған ерікті негізде кіретін басқа да кәсіпорындар мен ұйымдардың құрамында "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы (ҚТРПК) құрылсын.

2. "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясының президентін Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы "Қазақстан" мемлекеттік телерадиохабарларын тарату компаниясы заңда белгіленген тәртіп бойынша таратылсын.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- Тарату комиссиясын құрсын. "Қазақстан" мемлекеттік телерадиохабарларын тарату компаниясын таратуға байланысты шығыстар республикалық бюджеттен қосымша бөлінген қаражаттың есебінен жүзеге асырылсын:

- екі ай мерзімде "Қазақстан" теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы туралы" Ережені бекітсін;

- корпорацияның материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде шаралар қолдансын.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

- таратылатын "Қазақстан" мемлекеттік телерадиохабарларын тарату компаниясының құрамына кірген шығармашылық-өндірістік бөлімшелердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығын мемлекеттің атынан корпорацияға жарна ретінде беретін болсын;

- екі ай мерзімде "Қазақстан" теледидары мен радиосы"

республикалық корпорациясының құрылтайшы құжаттарының пакетін әзірлеп бекітсін.

6. Мемлекеттік басқару органдары, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері корпорацияның қызметіне қатысты мәселелерді оралымды шешуге жәрдемдесетін болсын.

Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы қаласы. 1994 жылғы 4 сәуір

N 1618